

<p align="center">Қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау (шығару) жөніндегі Жария шарт</p> <p>«АҚ Тәртіп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 060140014826, заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Мақатаев көшесі, 117, А литері, бұдан әрі «Қызмет көрсетуші» деп аталып, бір жағынан, және Тұрғын үй иесі/Тұрғын үйді жалға алушы, бұдан әрі «Тұтынушы» деп аталып, екінші жағынан, ары қарай – «Қызмет көрсетуші» және «Тұтынушы» жеке алғанда «Тарап», ал бірге – «Тараптар» деп аталып, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және тасымалдау (шығару) жөніндегі төмендегідей осы Жария шартты (ары қарай – «Келісім-шарт», немесе - Шарт) жасасты:</p>	<p align="center">Публичный договор на сбор и транспортировку (вывоз) твёрдых бытовых отходов</p> <p>Товарищество с ограниченной ответственностью «АҚ Тәртіп», БИН 060140014826, юридический адрес: Республика Казахстан, город Алматы, Алмалинский район, улица Мақатаева, 117, литер А, именуемое в дальнейшем «Услугодатель», с одной стороны, и Собственник/Наниматель жилища, именуемый в дальнейшем «Потребитель», с другой стороны, далее - «Услугодатель» и «Потребитель», по отдельности именуется как «Сторона», а совместно - как «Стороны», заключили настоящий Публичный договор на сбор и транспортировку (вывоз) твёрдых бытовых отходов (далее - «Договор») о нижеследующем:</p>
<p>Келісім-шартта пайдаланылатын негізгі ұғымдар:</p> <p>1) Тұрмыстық қатты қалдықтар (ары қарай - ТҚҚ) – қатты пішіндегі коммуналдық қалдықтар.;</p> <p>2) Коммуналдық қалдықтар деп мынадай тұтыну қалдықтары түсініледі:</p> <ul style="list-style-type: none"> - өзгелермен қатар қағаз бен картонды, шыныны, металдарды, пластмассаны, органикалық қалдықтарды, сүректі, тоқыманы, қаптаманы, пайдаланылған электр және электрондық жабдықтарды, батареялар мен аккумуляторларды қоса алғанда, үй шаруашылықтарының аралас қалдықтары мен бөлек жиналған қалдықтары; - егер аралас қалдықтар және басқа көздерден бөлек жиналған қалдықтар өзінің сипаты мен құрамы бойынша үй шаруашылықтарының қалдықтарына ұқсас болса, осындай қалдықтар. <p>3) ТҚҚ жинау – ТҚҚ-ны қалпына келтіру немесе жоюға әрі қарай жіберу мақсатында жеке және заңды тұлғалардан қалдықтарды ұйымдасқан түрде қабылдау жөніндегі қызмет;</p> <p>4) ТҚҚ-ны тасымалдау (шығару) – қалдықтарды жинау, сұрыптау, қайта өңдеу, қалпына келтіру және (немесе) жою барысында жинақталған, олардың пайда болған орындары арасында арнайы көлік құралдарының көмегімен қалдықтарды тасымалдаумен байланысты қызмет;</p> <p>Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинаудың орталықтандырылған жүйесі (бұдан әрі – орталықтандырылған жүйе) – меншік нысанына және қызмет түріне қарамастан, тұрғын үйлерде не жеке тұрған ғимараттарда (құрылысжайларда) тұратын (орналасқан) және (немесе) өз қызметін жүзеге асыратын және меншік құқығында контейнер алаңдары мен контейнерлері жоқ, сондай-ақ ортақ пайдаланылатын жерде орналасқан, меншік құқығындағы контейнер алаңдары мен контейнерлері бар жеке және заңды тұлғаларды тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету шеңберінде жергілікті атқарушы органдар</p>	<p>Основные понятия, используемые в Договоре:</p> <p>1) Твердые бытовые отходы (далее – ТБО) - коммунальные отходы в твердой форме;</p> <p>2) Под коммунальными отходами понимаются следующие отходы потребления:</p> <ul style="list-style-type: none"> - смешанные отходы и отдельно собранные отходы домашних хозяйств, включая, помимо прочего, бумагу и картон, стекло, металлы, пластмассы, органические отходы, древесину, текстиль, упаковку, использованные электрическое и электронное оборудование, батареи и аккумуляторы; - смешанные отходы и отдельно собранные отходы из других источников, если такие отходы по своему характеру и составу сходны с отходами домашних хозяйств; <p>3) Сбор ТБО - деятельность по организованному приему отходов от физических и юридических лиц в целях дальнейшего направления ТБО на восстановление или удаление;</p> <p>4) Транспортировка (вывоз) ТБО - деятельность, связанная с перемещением отходов с помощью специализированных транспортных средств между местами их образования, накопления в процессе сбора, сортировки, обработки, восстановления и (или) удаления;</p> <p>5) Централизованная система сбора ТБО (далее – централизованная система) – система, организуемая местными исполнительными органами в рамках обеспечения физических и юридических лиц независимо от форм собственности и вида деятельности, проживающих (находящихся) и (или) осуществляющих свою деятельность в жилых домах либо отдельно стоящих зданиях (сооружениях) и не имеющих на праве собственности контейнерных площадок и контейнеров, а также имеющих на праве собственности контейнерные площадки и контейнеры, расположенные на землях общего пользования, услугами по сбору, транспортировке твердых бытовых отходов;</p> <p>6) Контейнерная площадка – специальные площадки для накопления отходов, на которых размещаются контейнеры для сбора ТБО, с наличием</p>

<p>ұйымдастыратын жүйе.</p> <p>Контейнер алаңдары – тұрмыстық қатты қалдықтарды тасымалдауды жүзеге асыратын арнайы бейімделген көлікке арналған кірме жолдары бар, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау үшін контейнерлер орналастырылатын қалдықтарды жинақтауға арналған арнайы алаңдар;</p> <p>7) Тұрғын үй – тұрақты тұруға арналған және пайдаланылатын, белгіленген құрылыс, санитарлық, экологиялық, өрт қауіпсіздігі және басқа да міндетті нормалар мен ережелерге сәйкес келесін жеке тұрғын үй бірлігі (жеке тұрғын үй, пәтер, жатақхана бөлмесі);</p> <p>ТҚҚ бөлек жинау - қалдықтарды одан әрі мамандандырылған басқаруды оңайлату мақсатында оларды түрлері немесе топтары бойынша бөлек жинау;</p> <p>9) Тариф – Алматы қаласының жергілікті өкілді органы бекіткен ТҚҚ жинау, тасымалдау (шығару), сұрыптау және көму бойынша халыққа арналған тариф;</p> <p>Коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрауыштары - электрондық және электр жабдықтар, құрамында сынап бар қалдықтар, батареялар, аккумуляторлар және өзге де қауіпті құрамдастар.</p>	<p>подъездных путей для специализированного транспорта, осуществляющего транспортировку ТБО;</p> <p>7) Жилище – отдельная жилая единица (индивидуальный жилой дом, квартира, комната в общежитии), предназначенная и используемая для постоянного проживания, отвечающая установленным строительным, санитарным, экологическим, противопожарным и другим обязательным нормам, и правилам;</p> <p>8) Раздельный сбор ТБО - сбор ТБО отдельно по видам или группам в целях упрощения дальнейшего специализированного управления ими;</p> <p>9) Тариф – утвержденный местным представительным органом города Алматы тариф для населения на сбор, транспортировку (вывоз), сортировку и захоронение ТБО;</p> <p>10) Опасные составляющие коммунальных отходов - электронное и электрическое оборудование, ртутьсодержащие отходы, батарейки, аккумуляторы и прочие опасные компоненты.</p>
<p style="text-align: center;">1. Шарттың мәні</p> <p>1.1 Осы Шарттың мәні орталықтандырылған жүйе аясында ТҚҚ жинау және тасымалдау (шығару) (ары қарай - Қызметтер) бойынша Қызмет көрсетушінің ақылы қызметтерді көрсетуі және бекітілген Тарифке сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін Тұтынушының төлем жасауы болып табылады.</p> <p>1.2 ТҚҚ-ға жатпайтын құрылыс және басқа да қалдықтарды тасымалдау (шығару) осы Шарттың мәні болып табылмайды және жеке жасалған шарт негізінде бөлек ақыға жүзеге асырылуы тиіс.</p>	<p style="text-align: center;">1. Предмет Договора</p> <p>1.1. Предметом настоящего Договора является оказание Услугодателем возмездных услуг по сбору и транспортировке (вывозу) ТБО (далее - «Услуги») в рамках централизованной системы сбора ТБО, и оплата Потребителем указанных Услуг в соответствии с утвержденным Тарифом.</p> <p>1.2. Транспортировка (вывоз) строительных и иных отходов, не относящихся к ТБО, не является предметом настоящего Договора и должна осуществляться за отдельную плату на основе отдельно заключенного договора.</p>
<p style="text-align: center;">2. Тұтынушының құқықтары мен міндеттері</p> <p><i>2.1. Тұтынушы құқылы:</i></p> <p>2.1.1. Жергілікті атқарушы органмен бекітілген, кестеге сәйкес қызметтерді уақтылы алуға;</p> <p>2.1.2. Қызметтердің Тарифі, тәртібі және шарттары туралы ақпарат алуға;</p> <p>2.1.3. Құқығы бұзылған жағдайда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өз құқығын қорғауына.</p> <p><i>2.2. Тұтынушы міндетті:</i></p> <p>2.2.1. Осы Шартта белгіленген уақытта, толық көлемде және уақтылы Қызметтерге төлем жасауға;</p> <p>2.2.2. Қызмет ақысының көлемін қайта есептеуге әкеп соғатын кез келген өзгерістерді растайтын құжаттарды ұсына отырып Қызмет көрсетушіге ақпарат беруге;</p> <p>2.2.3. Тұрғын үйден көшіп кету күніне дейін жылжымайтын мүлікпен азаматтық-құқықтық мәмілелер жасалған жағдайда Қызмет көрсетушімен толық есеп айырысуға;</p> <p>2.2.4. Түзілген ТҚҚ-ны ТҚҚ жинауға арналған контейнерлерге жинауға; ТҚҚ-ны бөлек жинайтын</p>	<p style="text-align: center;">2. Права и обязанности Потребителя</p> <p><i>2.1. Потребитель имеет право:</i></p> <p>2.1.1. На своевременное получение услуг согласно графику, утвержденным местным исполнительным органом.</p> <p>2.1.2. На получение информации о Тарифе, порядке и условиях оказания услуг;</p> <p>2.1.3. На защиту своих прав в соответствии с действующим законодательством Республики Казахстан.</p> <p><i>2.2. Потребитель обязан:</i></p> <p>2.2.1. Своевременно и в полном объеме, в установленные в настоящем Договоре сроки, оплачивать Услуги;</p> <p>2.2.2. Предоставлять Услугодателю информацию о любых изменениях, влекущих перерасчет Размера оплаты услуги с предоставлением подтверждающих документов;</p> <p>2.2.3. Произвести полный расчет с Услугодателем, в случае совершения гражданско-правовых сделок с недвижимостью до даты выезда из жилища;</p>

<p>орындарда ТҚҚ-ның осы түріне арналған контейнерлерге бөлек жинауға;</p> <p>2.2.5. ТҚҚ жинауға арналған контейнерлерге және/немесе контейнер алаңдарына сұйық қалдықтарды төгуге, ТҚҚ-ға жатпайтын қалдықтарды тастауға жол бермеуге;</p> <p>2.2.6. ТҚҚ-ны белгіленбеген жерге жинау арқылы өздігінен пайда болатын үйінділердің қалыптасуына жол бермеуге;</p> <p>2.2.7. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін ТҚҚ жинауға арналған контейнерлерге, контейнер алаңдарына және олардың қоршауларына мұқият қарауға;</p> <p>2.2.8. Контейнер алаңдарына апаратын кіреберіс жолдарға көліктердің тұруына жол бермеуге;</p> <p>2.2.9. Тұрмыстық қалдықтарды контейнерсіз әдіспен тасымалдау (шығару) кезінде жергілікті атқарушы органмен бекітілген кестеге сәйкес жинайтын және тасымалдайтын (шығаратын) күндері ғана арнайы техника келгенге дейін ТҚҚ-ны қолданыстағы санитарлық нормалар мен ережелерге сәйкес көше бойына орналастыруға;</p> <p>2.2.10. Коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрауыштарын бөлек жинап, арнайы кәсіпорындарға қалпына келтіру үшін өткізуге;</p> <p>2.2.11. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді орындауға.</p>	<p>2.2.4. Складевать образовавшиеся у него ТБО в контейнеры для сбора ТБО. В местах раздельного сбора ТБО, складировать ТБО раздельно в контейнеры, предназначенные для данного типа отходов;</p> <p>2.2.5. Не допускать слива жидких отходов, выброса не относящихся к ТБО отходов в контейнеры для сбора ТБО и/или на контейнерные площадки;</p> <p>2.2.6. Не допускать образования стихийных свалок путем складирования ТБО в неустановленных для этого местах;</p> <p>2.2.7. С целью обеспечения сохранности, бережно относиться к контейнерам для сбора ТБО, контейнерным площадкам и их ограждениям;</p> <p>2.2.8. Не допускать парковки автомобилей на подъездных путях к контейнерным площадкам;</p> <p>2.2.9. При бестарном методе транспортировки (вывоза) бытовых отходов выставлять ТБО в соответствии с действующими санитарными нормами и правилами, вдоль улицы только в дни сбора и транспортировки (вывоза) согласно графику, утвержденному местным исполнительным органом, до прибытия специализированной техники;</p> <p>2.2.10. Сбирать раздельно и передавать на восстановление специализированным предприятиям опасные составляющие коммунальных отходов.</p> <p>2.2.11. Выполнять иные обязательства, предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан и настоящим Договором.</p>
<p>3. Қызмет көрсетушінің құқықтары мен міндеттері</p> <p><i>3.1. Қызмет көрсетушінің құқығы:</i></p> <p>3.1.1. Тұтынушыдан Қызметтер үшін төлемді уақтылы және толық көлемде алу;</p> <p>3.1.2. Тұтынушы Келісім-шарт бойынша көрсетілген Қызметтерге ақы төлеу шарттарын бұзған жағдайда Қызмет көрсетуші Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес берешек және өсімпұл сомасын өндіріп алуға құқылы.</p> <p>3.1.3. Қолданыстағы құқықтық актілерге сәйкес тұтынушының растайтын құжаттарды ұсынып жүгінуі бойынша Қызмет үшін жасалған есептеулерге түзету енгізуге;</p> <p>3.1.4. Көрсетілетін Қызметтер үшін төлемдерді өндіру жөніндегі өз өкілеттігін Үшінші тұлғаларға беруге.</p> <p><i>3.2. Қызмет көрсетушінің міндеттері:</i></p> <p>3.2.1. Заңнамамен және жергілікті атқарушы органмен бекітілген кестеге сәйкес Қызмет көрсетуге;</p> <p>3.2.2. ТҚҚ жинауға арналған контейнерлерден түсіру кезінде төгілген коқысты тазалауға;</p> <p>3.2.3. Тұтынушыны ТҚҚ жинау және тасымалдау (шығару) Тарифі мөлшерінің, сондай-ақ Қызметтерді көрсету шарттарының өзгергені туралы бұқаралық ақпарат құралдарында және/немесе Қызмет көрсетушінің www.tartyp.kz сайтында хабардар етуге;</p> <p>3.2.4. «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V ҚР Заңының талаптарына сәйкес Тұтынушының</p>	<p>3. Права и обязанности Услугодателя</p> <p><i>3.1. Услугодатель имеет право:</i></p> <p>3.1.1. Своевременно и в полном объеме получать от Потребителя оплату за Услуги;</p> <p>3.1.2. При нарушении Потребителем сроков оплаты за оказанные по Договору Услуги, Услугодатель имеет право взыскания сумм задолженностей и штрафных санкций, согласно действующему законодательству Республики Казахстан.</p> <p>3.1.3. Производить корректировку начислений по Услуге по обращению потребителя с предоставлением подтверждающих документов в соответствии с действующими правовыми актами.</p> <p>3.1.4. Делегировать свои полномочия по взысканию оплаты за предоставленные Услуги третьим лицам.</p> <p><i>3.2. Обязанности Услугодателя:</i></p> <p>3.2.1. Оказывать Услуги в соответствии с законодательством и графиком, утвержденным местным исполнительным органом;</p> <p>3.2.2. Производить уборку мусора, просыпавшегося при его выгрузке из контейнеров для сбора ТБО;</p> <p>3.2.3. Информировать Потребителя об изменении размера Тарифа на сбор и транспортировку (вывоз) ТБО, а также об изменении условий оказания Услуг, путем публикации в средствах массовой информации и/или на сайте Услугодателя www.tartyp.kz;</p> <p>3.2.4. Принимать необходимые меры по защите персональных данных Потребителя в соответствии с требованиями Закона Республики Казахстан от 21 мая</p>

<p>дербес деректерін қорғау бойынша қажетті шараларды қабылдауға;</p> <p>3.2.5. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді орындауға.</p>	<p>2013 года № 94-V ЗРК «О персональных данных и их защите»;</p> <p>3.2.5. Выполнять иные обязательства, предусмотренные действующим законодательством Республики Казахстан и настоящим Договором.</p>
<p>4. Есеп айырысу тәртібі мен шарты</p> <p>4.1. Орындаушы қызметтерінің құны жергілікті өкілді органның бекітілген Тарифтеріне сәйкес айқындалады.</p> <p>4.2. Көрсетілген қызметтерге ақы төлеу Қызмет көрсетуші ұсынған төлем құжаттары бойынша ағымдағы айдың 25-інен кешіктірмей жүргізіледі.</p>	<p>4. Порядок и условия расчетов</p> <p>4.1. Стоимость услуг Исполнителя определяется согласно утвержденным Тарифам местного представительного органа.</p> <p>4.2. Оплата за Услуги производится Потребителем не позднее 25 числа текущего месяца, по платежным документам, выставленным Услугодателем.</p>
<p>5. Тараптардың жауапкершілігі</p> <p>5.1. Қызмет көрсетуші мен Тұтынушы шарттық міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.</p> <p>5.2. Көрсетілген қызметтер үшін дер кезінде төлем жасамаған жағдайда Тұтынушы Қызмет көрсетушіге кешіктірілген әрбір күн үшін Қызметтің есептелген сомасының 0,1% мөлшерінде, бірақ көрсетілген Қызмет ақысының есептелген сомасының 10%-нан аспайтын мөлшерінде өсімпұл төлейді.</p> <p>5.3. Айыппұлды төлеу осы Келісім-шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді орындаудан босатпайды.</p> <p>5.4. Тұтынушы коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрауыштарымен жұмыс істеу үшін өзі жауапты болып табылады.</p>	<p>5. Ответственность Сторон</p> <p>5.1. Услугодатель и Потребитель несут ответственность за неисполнение или ненадлежащее исполнение своих договорных обязательств в соответствии с законодательством Республики Казахстан.</p> <p>5.2. При несвоевременной оплате Услуг Потребитель уплачивает Услугодателю пеню, в размере 0,1% от начисленной суммы Услуги, за каждый день просрочки, но не более 10% от начисленной суммы Услуги.</p> <p>5.3. Уплата штрафных санкций не освобождает от исполнения принятых на себя обязательств по настоящему Договору.</p> <p>5.4. Потребитель несет самостоятельную ответственность за обращение с опасными составляющими коммунальных отходов.</p>
<p>6. Дауларды қарастыру тәртібі</p> <p>6.1. Келісім-шарт бойынша даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды сотқа дейін реттеу үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндеттенеді.</p> <p>6.2. Туындаған даулар бойынша келісімге келмеген жағдайда олар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешілуге жіберіледі.</p>	<p>6. Порядок рассмотрения споров</p> <p>6.1. В случае возникновения споров по Договору, Стороны обязуются принять все необходимые меры для их досудебного урегулирования.</p> <p>6.2. При не достижении согласия по возникшим спорам, они подлежат разрешению в установленном законодательством Республики Казахстан порядке.</p>
<p>7. Шарттың қолданылу мерзімі</p> <p>7.1. Шарт бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған күннен бастап күшіне енеді.</p> <p>7.2. Шарт белгісіз мерзімге жасалған деп есептеледі.</p>	<p>7. Срок действия Договора</p> <p>7.1. Договор вступает в силу со дня его опубликования в средствах массовой информации.</p> <p>7.2. Договор считается заключенным на неопределенный срок.</p>
<p>8. Форс-мажор жағдайлары</p> <p>8.1. Тараптар Шарт жасасқаннан кейін туындаған және Тараптар алдын ала болжап, ақылға қонымды жолдармен алдын алмаған күш жағдайларының (табиғи оқиғалар, апаттар, төтенше жағдайдың енгізілуі және т.б., ары қарай – «Форс-мажор») әрекеті салдарынан Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.</p> <p>8.2. Форс-мажор жағдайлары туындағанда Форс-мажорлық жағдайға ұшыраған Тарап басқа Тарапты Форс-мажор жағдайларының туындағаны туралы дереу хабардар еткен және олардың әрекеті тоқтаған кезде Шарт жағдайының орындалуын қайта жалғастырған жағдайда Тараптар шарттық міндеттемелерді орындамағаны үшін материалдық жауапкершіліктен босатылады.</p>	<p>8. Обстоятельства форс-мажора</p> <p>8.1. Стороны освобождаются от ответственности за неисполнение либо ненадлежащее исполнение своих обязанностей по Договору вследствие действия обстоятельств непреодолимой силы (стихийные явления, катастрофы, введение режима чрезвычайного положения и т.д., далее - «Форс-мажор»), которые возникли после заключения Договора и которые Стороны не могли не предвидеть, не предотвратить разумными способами.</p> <p>8.2. При наступлении обстоятельств Форс-мажора Стороны освобождаются от материальной ответственности за несоблюдение договорных обязательств при условии, что Сторона, подвергшаяся</p>

<p>8.3. Форс-мажор жағдайларды Қазақстан Республикасының уәкілетті органы куәландыруға тиіс.</p>	<p>действию обстоятельств Форс-мажора, немедленно известит другую Сторону о наступлении обстоятельств Форс-мажора и возобновит выполнение условий Договора при прекращении их действия.</p> <p>8.3. Обстоятельства Форс-мажора должны быть засвидетельствованы уполномоченным органом Республики Казахстан.</p>
<p style="text-align: center;">10. Ерекше жағдайлар</p> <p>9.1. Осы Келісім-шарт Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексі 367-бабының 3-тармағына сәйкес ТҚҚ жинаудың орталықтандырылған жүйесін пайдаланушылар үшін міндетті болып табылады, және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 387-бабына сәйкес Тараптардың қол қоюын талап етпейді.</p> <p>9.2. Төлем дерегіне қарамастан, Тұтынушының ТҚҚ-ны контейнер алаңдарына орналастыруы осы Келісім – шарттың қабылданғанын растайды.</p> <p>9.3. Тараптардың Шартпен реттелмеген өзара қатынастары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының ережелеріне сәйкес қаралады.</p> <p>9.4. Осы Шарт күшіне енген күннен бастап «Алматы ақшамы» газетінің 2013 жылғы 28 қарашадағы №147-санында жарияланған тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау және шығару жөніндегі Жария шарты барлық өзгерістерімен және толықтыруларымен жарамсыз деп танылсын.</p>	<p style="text-align: center;">9. Особые условия</p> <p>9.1. Настоящий Договор в соответствии с пунктом 3 статьи 367 Экологического кодекса Республики Казахстан является обязательным для пользователей централизованной системы сбора ТБО, и согласно статье 387 Гражданского кодекса Республики Казахстан не требует подписания Сторонами.</p> <p>9.2. Размещение Потребителем ТБО на контейнерных площадках, независимо от факта оплаты, подтверждает акцент настоящего договора.</p> <p>9.3. Взаимоотношения Сторон, не урегулированные Договором, рассматриваются в соответствии с положениями действующего законодательства Республики Казахстан.</p> <p>9.4. С момента вступления в силу настоящего Договора, Публичный договор на сбор и вывоз твёрдых бытовых отходов, опубликованный в газете «Вечерний Алматы» №147 от 28 ноября 2013 года, со всеми изменениями и дополнениями, считать утратившим силу.</p>



АКТ